

**Жаңа форматтағы ата-аналар
жиналысын өткізу
(мастер класс)**

**Тақырыбы:
«Бала тәрбиесінде ата-
аналардың рөлі»**

Мақсаты:



- 0 Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-аналардың ой-пікірлерін біліп, сынып жетекшісіне деген сенімді арттыру.

1. Шаттық шеңбер:

- 0 Тренинг «менің балам қандай?» әр бір ата-ана өзін және өз баласының жақсы жақтарын айтып таныстырады.
- 0 **Танысу:** Мына үлгі бойынша мысалы: мен Саитова Гульзара, Ахметов Абдулжанның мамасымын. Менің ұлым би билегенді жақсы көреді. Олай болса барлығымыз орнымызға жайғасайық.

2. Топқа бөлу

0 Геометриялық фигуралар бойынша 2 топқа бөлінеді



3. Ой қозғау:

- 0 Ата-аналар 2-топқа бөлінеді. Бала тәрбиесі дегенімізді қалай түсінесіздер құрметті ата-аналар? Бала тәрбиесі жөнінде сұрақтар қойылады.

- 0 Бала жақсы білімді болу үшін ата-аналардың міндеті қандай болу керек?
- 0 Баланың оқу үлгеріміне отбасының қарым — қатынасы әсерін тигізе ме?
- 0 Сіз жұмыстан ашулы келдіңіз, балаңыз компьютер алдында отыр, үйдің іші жиналмаған, тамақ істелмеген, сіздің айтып кеткен тапсырмаңыз орындалмаған сіздің әрекетіңіз?
- 0 Тоқсандық қорытынды бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік. Сіздің іс-әрекетіңіз?

Жаңа сабақты ашу.

- 0 Бір ағашты өсіру үшін біз оны қаншама қиындықпен өсіреміз. Ағаштың әдемі болып өсуіне құнарлы топырақ, су, ауа, жылу, қорғаныш, мейірім-махаббат керек. Біздің балаларымызда тура сондай. Ал енді бір үйді салу үшін қаншама қиындықтар, кедергілер, қаражат, шыдамдылық, еңбек талап етіледі. Біздің балаларымызда сол үй сияқты әлі салынуда. Ондай болса біз қандай үй салып жатқанымызды көрейік.

Ата-аналарға дайын макеттер беріледі.

- 0 1- топқа үйдің фундаментін құю
- 0 2- топқа қабырғаларын тұрғызу
- 0 Екі топ бірігіп үйдің шатырымен, есік терезелерді салады

Өсиет әңгіме.

- 0 Жағдайлы бір отбасы баласын ешкімнен кем өсіргісі келмей барлық жағдайын жасайды. Қазіргі заманның озық технологиясымен жасалынған ойыншықтар, компьютер, тіптен қымбат телефонды да алып береді. Бірақ баласы осының бәріне қанағаттанбай, күнде ата-анасының жұмысқа кетпеуін өтінеді. Ата-анасы жұмысқа бармаса болмайтынын, ақша табатынын баласына түсіндіреді. Ал, баласы осы сәтте ата-анасының күніне қанша ақша табатынын сұрап біледі.
- 0 Бала сол күннен бастап ата-анасының өзіне тастап кетіп жүрген ақшасын жұмсамай жинай бастайды. Жинаған ақшасы ата-анасының бір күндік табысына жеткен күні бала ата-анасына өтініш жасайды.
- 0 — Әке, ана! Бүгін жұмысқа бармай бір күндеріңізді маған қиыңыздаршы.
- 0 Бір күнгі табыстарыңызды мен төлейін депті. (қалай ойлайсыздар бала неге өтінді?) **Міне, ата-ананың аялы алақанының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсе ауыстыру мүмкін емес.**

. Байлаулы бала (тренинг):

- 0 Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп кетті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады)
- 0 Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап отыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады)
- 0 Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атыс-шабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне келмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)
- 0 Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз? (кеудесі байланады)
- 0 Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы байланады)
- 0 Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде мақсатыңызға жете аласыз.

0 Психологиялық сәт: Құрметті ата-аналар сіздер жиналысымыздың басында геометриялық фигураларды таңдап алдыңыздар
«Психогеометрия»- өзін - өзі тану:

Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді танып көрелік.

Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналана адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздік администратор шығады

Толқын. Сенде әсемдікті көре білу қабілетін жоғары қалыптасқан, сондай - ақ шығармашылық қабілетін, ой - өрісін дамыған. Сенде табиғи өткіройлылық бар, өз айналана қабілетті адамдарды жинай аласын. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.

Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесінді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауарпатылығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзінді олардан аулақ ұстайсың Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныннан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысыңда жоғарыға

Жүректен жүрекке:

- 0 Құрметті ата-аналар! Енді осы балапандарымызға жүрегімізден шыққан жылы сөздеріңізбен, тілектеріңізді қағазға (жапырақ) жазып үйдің ауласындағы ағашты көркейтейік.

